

Жалпы антропология мен кейбір бағыттардың тақырыбы антропогенез бен антропосоциогенез болып табылады.

Антропогенез (адам және оның шығу тегі) адамды биологиялық, психикалық және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарастырады.

Антропосоциогенез адамдардың әлеуметтік шығу тегі туралы ілім. Адамның биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне дейінгі жүріп өткен ұзақ тарихи процесін зерттейді.

Антропологияның проблематикасы саласында орыс философтары Вл.Соловьев, Н.Ф.Федоров, Н.А.Бердяев, С.Н.Булгаков, В.П.Вышеславцев, И.А.Ильин, Л.П.Карсавин, Н.О.Лосский, В.В.Розанов, П.А.Флоренский, С.Л.Франк, Л.Шестов, А.Ф.Лосев, сондай-ақ кеңес және ресей философтары С.С.Аверинцев, М.М.Бахтин, В.В.Бибихин, Ю.М.Бородай, Л.Н.Гумилев, А.Я.Гуревич, П.С.Гуревич, Вяч.Иванов, И.П.Казначеев, Ю.М.Лотман, М.К.Мамардашвили т.т. үлкен үлес қосты.

1995 жылдан бері этнографтар мен антропологтардың конгресстері ұдайы өткізіліп келеді. Мысалы, Ресейдің антропологтары мен этнографтарының IV конгрессінде (2001) 400-ден астам адам қатынасты. Бірнеше секциялар жұмыс істеді: «Этникалық және дін», «Ресейдегі және оның аумағындағы елдердердегі ислам», «Дәстүрлер, наным-сенімдер және жаңа пұтқа табынушылық» т.б. 2003 жылы Омскіде У конгресс өтті. Оған Ресейдің 55 қаласынан 320

адам, шетел ғалымдары қатынасты.

Қазақстанда діни антропология, мәдени антропология немесе әлеуметтік антропология мектептері туралы айта қою ертерек, бұл процесс қалыптасу сатысында. Ресеймен салыстырғанда Қазақстанда антропологиялық зерттеулер тарих ғылымының, мәдениет философиясының, этнографияның, этнологияның, әдебиеттің, өлкетанудың шеңберінде жүргізіліп келді. Тұңғыш рет Қазақстанның оқу орындарында, оның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде профессор А.Ғ.Қасымжановтың бастамасымен «Философиялық антропология», «Әлеуметтік антропология», кейіннен «Мәдени антропология» және «Діни антропология» деген арнайы пәндер енгізілді. Осы факультетте кандидаттық, докторлық диссертация қорғалды. А.Р.Масалимованың 2006 жылы «Мәдени антропология» (орыс тілінде) атты кітабы басылып шықты.

1. *Социальная антропология: Учебник.* - М., 2009.

2. *Проблема человека в западной философии.* - М., 1996.

В данной статье рассматривается предмет и научный статус антропологии.

In given article the subject and title of anthropology is considered.

П.М. Сулейменов

АРАБ МҰСЫЛМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орта ғасырда пайда болып, жаңа заманға дейін философия тарихында көрнекті орын алған, еңбектерін араб тілінде жазған, негізінен мұсылман елдерінен шыққан ойшылдар тобының ілімін ғылымда фалсафа деп атау дәстүрі бар. Оларды орыс тіліндегі әдебиеттерде «араб тіліндегі философия» немесе «араб философтары» дейді. Анығында бұлар ерекше ойлау менталитетіне ие болған фалсафа өкілдері.

Фалсафа туралы 1991 жылы Москваның «Наука» баспасынан жарық көрген «Исламның энциклопедиялық сөздігінде» мынадай түсінік берілген: «ал-фасафия» - термин, которым в средневековой мусульманской литературе обозначали философию мыслителей, ориентированных на античные модели философствования

называвшихся фаласафия (ед. ч файласуф) а также саму античную философию» [1].

Бұл түсініктен, мынадай жағдайлардың басы ашылып тұр. Біріншіден, фалсафа философия дегеннің арабшаланған түрі. Демек, араб тілі орта ғасырда философиялық мәдениеттің тіліне айналған. Философияның бір тілдік негізде өрбігені тарихта белгілі, айталық, антиктық философия грек тілі негізінде болса, Шығыс Азия мен Қытайда Тибет тілінде, Орта Азия мен Еуразиялық кеңістікте түркі тілінде, Батыс Еуропада орта ғасырлардан жаңа дәуірге дейін, латын тілінде, қазіргі заманда мұндай міндетті ағылшын тілі игеріп кетуі ықтимал.

Фалсафаның араб тілінде өрбуіне мәдени-тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайлар болған. Бұл

жерде еріксіз мойындайтын мәдени әлеуметтік жағдай : ислам діні, оны таратушы басты саяси күш - Араб халифаты. Халифат мемлекеттік құрылым ретінде Аравияда 7 ғасырдың жиырмасыншы жылдары пайғамбарымыз Мұхаммедтің діни реформасы нәтижесінде өмірге келген. Пайғамбарымыз дүние салғаннан кейін, халифат мүлдем ұлан - асыр империяға айналды. Әдетте мұндай империялардың ғұмыры ұзақ болмаушы еді, халифат болса, 7-ғасырдай уақыт өмір сүрді. Бұл империялар тарихында болмаған мерзім. Әлемді дүр сілкіндірген социализмнің өмірі небәрі жетпіс жылға эзер жетсе, халифат дүниеге жеті жүз жылға жуық өз өктемдігін жүргізді. Араб тілі осы империяның мемлекеттік тілі болды. Мұхаммед пайғамбар діни ұстаз, саяси басшы және ең жоғары үкім шығарушы болғандықтан, оның тілі дінде, саясатта, шарифатта (заңда) мемлекеттік қызмет атқарған.

Араб тілі - Құран тілі. Бес уақыт намаз міндетті түрде арабша оқылады. Демек, мұсылмандық жеткен жерлерде хат тану араб тілінен басталады. Сөйтіп, сауатты адам араб тілін меңгерген адам деп мойындалды. Араб тілін меңгеру - білімділіктің нәрі мұсылмандықтың белгісі. Осы жағдайға сай оқу, білім беру жүйесі арабша қалыптасып, ендігі жерде араб тілі мұсылман өркениетінің тіліне айналды.

Фалсафа мұсылман мәдениетінің туындысы. Бұл негізінен, мұсылман елдерінің ойшылдарына тән дүниетаным. Фалсафа ілімінің қандай өкілі болсын, мұсылмандыққа қарсы шықпаған, қайта, керісінше, әлемдік

мәдениет үлгілерін, әсіресе философтарды мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан қарап, соған орай бейімдеген. Фалсафаның осы ерекшелігі кезінде христиан ойшылдарының ашу-ызасын туғызған. Фалсафаның мұндай күйде болуының табиғи-тарихи қажеттілігі болды.

Араб халифтері және елдің зиялы қауымы мұсылман мәдениетінің өнерінің деңгейін жоғары көтеру қажеттілігін түсінді. Оның ең басты себебі, ислам діні өзінен алты ғасыр бұрын дүниеге келген христиан дінімен тарихи бәсекеге түсті. Бұл бәсекенің негізінде дүниені бөлу мәселесі тұрды. Сөйтіп, мұсылмандар және кәпірлер деген ұғымдар қалыптасты. Ертеректе ислам дінін қылыштың жүзімен, білектің күшімен жер-жерге зорлап енгізсе, келе-келе бұл тәсілдің өміршең еместігін халифтер, олардың кеңесшілері түсіне бастады. Ендігі жерде әлемнің меңгерудің жолы ғылым, өнер, білім, философия екенін түсінген халифтер осы салалардың өсіп өнуіне бар мүмкіндіктерді жасай бастады. Осындай саясаттың негізінде араб тіліндегі философия пайда болды, ол тарихта «фалсафа» деген атпен қалды.

Кейбір ғылыми әдебиеттерде, философия тарихындағы фалсафаның орнын анықтауда әр түрлі пікірлер бар. Біреулер араб тіліндегі философияның басты қызыметі грек ойшылдарын аударып, оған комментарий ғана жасаған, яғни өзіндік ойлау мәдениеті жоғары болмаған десе, бұл пікірге орыс ғалымы А. А. Игнотенко қарсы дәлел келтіреді: «Фалсафа не стала простым переводом на арабский язык античной философии, она - новый во многих отношениях более высокий этап развития человеческой мысли. Идеи фалсафа стали в последующем одним из могучих импульсов становления», - дейді [2]. Олардың айтуынша, арабтар Платонды Аристотель деп қабылдаған бұл жерде бір түсінбестік бар. Мүмкін, арабтарда кейбір оқу орындарда осындай жағдай болуы өте ықтимал. Алайда алғашқы фалсафашы Әл-Кинди қателікке бармаған, оның Аристотель кітаптарының саны және құрылымы туралы еңбектерінде мұндай кітап туралы сөз жоқ.

XX ғасырдың атақты ойшылы; Б. Рассель философия туралы құнды ойлар айтқан: «... Репутация Аристотеля создана главным образом ими в античные времена он редко упоминался и не считался равным Платону», - дей келе пікірін былайша жалғастырған, - «... **Мы обязаны арабам в знании греческой философии**, потому что, когда ее снова начали изучать в Европе, требуемые технические термины были взяты с греческого или латинского языков. В философии арабы были лучшими комментаторами, чем оригинальными мыслителями. Их значение для нас состоит в том, что они, а не христиане были непосредственными наследниками той части греческой традиции, которая сохранилась только в Восточной империи.

Контакт с магаметтонами в Испании и в меньшей степени в Сицилии способствовал **ознакомлению Запада с Аристотелем**, а также арабскими цифрами, алгеброй и химией. Именно этот контакт содействовал возрождению эрудиции в XI веке, приведшему к схоластической философии. Много позже, начиная с XIII века и дальше. Изучение греческого языка дало возможность идти прямо к трудам Платона, Аристотеля и других греческих писателей античных времен, но если бы арабы не сохранили традицию, люди эпохи Возрождения могли бы и не заподозрить, как много можно получить благодаря возрождению классической учености» [3].

Сонымен қатар, антиктік Платон мен Аристотелдің ара салмағы туралы. Платон-Аристотелдің ұстазы, мүмкін содан, әлде оның ойларының көркем тілмен берілуінен бе, қайтседе ол заманда екеуін қатар қоймаған. Платонның салмағы зиялы ортада Аристотелден

әлде қайда басым болған. Арабтар болса, осы мәселені философия тарихында өзгеше бастауға салған, олар Аристотелді бірінші орынға шығарған оның себебі фалсафа тарихын оқып-үйренушілерге түсінікті.

Өйткені, ұмыт болған антиктік философияны тірілтіп, оған комментарилер жазып, аударып, онымен Еуропа жұртшылығын таныстырып бір сөзбен айтқанда грек философиясындағы дәстүрді жалғастырушылар, сөзсіз фалсафашыар, Б.Рассел сөзімен айтқанда, «Арабтар». Егер олар болмаса, грек философиясы қай заманда қайтадан жаңғырар еді? Осындай істің нәтижесінде Еуропада грек, латын тілдері қайта жанданды, олар ғылым, білім, өнер, философия тілдеріне айналды. Сөйтіп, Еуропада классикалық филология дәстүрі қалыптасты енді зиялы қауымның грек, латын, араб тілдерін білуі заңдылыққа айналды, бұл жағдай Еуропада және Россияда ХХ ғасырға дейін жетті.

Арабтар салған дәстүр немесе грек философиясын қайта жаңғырту ХІ ғасырғы Батыс Еуропа схоластикасына негіз болды. Бұл туралы кезінде И.Г.Гердер былай деп жазған: «Арабтар болмаса, Гербер де, Альберд Великий де, Вилла Новалық Арнольд те, Роджер Беконде, Л. Раймондта болмас еді. Олардың бәрі Испанияда арабтардан оқыды немесе солардың шығармаларын оқыды. Тіптен Фридрих 2-нің өзі араб кітаптарын аударуға қамқор болып ғылымдардың жандануына жағдай жасады» [4].

Осы мәселе туралы замандасымыз Ренне Генонның айтқан мына пікірлерін қосуға болады: «Схолостика деген атаумен танылған орта ғасырлық философия: мұсылмандық, иудейлік және христиандық болып бөлінеді. Алайда оның дәл осы мұсылмандық саласы қалған екеуінің бастау көзі болды. Әсіресе иудейлік схоластика Еуропада ол тұста араб тілі арнасында гүлденді. Мәселен, иудей философиясының кейінгі Спинозаға дейінгі ғасырларға дем берген Мұса Ибн-Маймунның аса маңызды шығармалары осыған көз жеткізді. Спинозаның өзінен де Ибн-Маймунның кейбір идеялары шаң беріп қалып отыруы тегін емес» [5]. Орта ғасырлық Схолостика болса, В. Вундттың айтуынша, жаңа заман философиясының басы болған [6].

Араб философтары, еуропалық Қайта өрлеу заманындағы интеллектуалдық халге айтарлықтай әсері болған. Бұл туралы, А.Ф. Лосевтің мынадай пікірі бар, ол белгілі Ибн-Рушдтың ізбасары Сигер Брабандский туралы: «... поскольку наша изложение эстетики Ренессанса пытается развивать единую логическую линию, то, пожалуй, о нем будет удобным

упомануть именно сейчас. Здесь он интересен для нас как представитель учения двойной истине который тоже весьма заметно способствовала выделению искусства в особую область, размеживанию его религий глубокому вхождению в его специфику подобного рода учение развивалось еще далеко до Европейского Возрождения, именно у арабского философа Аверросса. В 13-14 вв. В связи с растущей либерализацией художественной области подобного рода учение, несомненно, получало большое значение» [7].

Б.Расселдің араб философиясының Қайта өрлеу дүниетанымына ықпалы дегенге Л.Лосевтің Помпонацидің «ақиқаттың екі сипаты» туралы жоғарыда айтылған нақтылы дәлел. Л.Лосевтің «лично - материальная концепция» деп отырған казак ұғымына сай аударсақ, ол былай болып шығады: ол - Жаратушы мен жаратылғандардың (сезімдік заттардың) тұтастығы. Жаратушыны тану адамға берілмеген, бірақ оның жаратқандарын танып, білу мүмкіндігі бар. Бұл мұсылмандық дүниетанымға сай келетін фалсафаның басты проблемасы. Бұл идеяны Абай былайша білдірген: «Безендірген жер жүзін Тәңірім шебер». Біз дүниені Тәңірдің (Жаратушының) қалайша безендіргенін) білмейміз, оның сыры Жаратушының өзіне ғана мәлім, ол айқын сезім, танып отырғанымыз «безендірілген дүние», оны тану, сезіну адамның үлесінде.

Қайта өрлеуге фалсафаның әсері дегенде, оның тек христиандық дүниетанымға негізделмей, христиандық - мұсылмандық синтезде болғанын мойындауға тура келеді. Сөйтіп қайта өрлеудің әлемдік мәдениет тарихында алатын орны діни партикуляризмді жеңіп, жаңа түсінік, жаңа дүние таным ұсынуында еді, оны Еуропа гуманизм дәстүрі деп атап кеткен. Себебі, биік гуманизм діни саналардан, әрине, жоғары болуы түсінікті. Күні бүгінге дейін Қайта өрлеу заманы қалыптастырған жаңа дүниетанымды зерттеушілер ескермей келеді. Бұл жаңа дәуір басы болатын, бірақ өкінішке орай, оның ғұмыры ұзақ болмады. Қайта өрлеуден кейінгі келген Жаңа заман философиясы деп аталатын тарихи - мәдени феномен Батыс Еуропалық арнаға түсіп, мәдениет тарихында Шығыс және Батыс деген дилемманы өмірге әкелді. Жаңа заман философиясында араб тіліндегі фалсафа ғана ұмыт болған жоқ, Еуропада авероизм деп аталған ілімді жақтаушылардың аса көрнекті өкілі Сигер Брабанский есімі де ұмыт болды. Себебі, Батыс Еуропа ойшылдары теология мен философияны бір-бірінен ажыратуға қаншама талпынғандарымен, Мераб Мамардашвили айтқандай: "Классическую европейскую культуру, т.е. ту, что складывается к началу 17 века

на гребне возрожденческого подъема, можно определить как культуру христианскую" [8]. Сондықтан да Еуропада араб тіліндегі философияны, яғни фалсафаны бағалау христиандық дәстүрде болып отырды. Басты мәселе - Аристотель мен Платонды араб философиясының түсінігінен тазартып, олардан христиандық дәстүрдегі ойшылдар жасау мақсаты тұрды. Осындай сыңаржақ көзқарас туралы Рене Генон өзінің "Еуропаға ислам өркениетінің ықпалы" деген еңбегінде нақтылы айтқан.

Философия тарихына арналған алғашқы оқулық - хрестоматия болғандықтан, оның құрлымы туралы бірер сөз айтқан.

Арнайы әдебиеттерде фалсафа тарихы әл-Киндиден басталып, Ибн Рушдпен аяқталып жүр. Біз де осы тәртіпті сақтауға тырыстық. Одан әріде фалсафаның типологиясын белгілеу қажеттілігі болды. Фалсафа тарихының типологиясын анықтауда қандай өлшемдерді алу керек деген мәселеге айналды. Әдетте, типологияның өлшемдері: тарихи, географиялық, аймақтық немесе ұлттық болып келеді. Біз фалсафаның типологиясын анықтауда саяси-географиялық өлшем қолдандық. Себебі фалсафа араб тілі негізінде ғана емес, сол саяси негіздерде жүзеге асқан феномен. Осы тұрғыдан оның үш тарихи кезеңін белгіледік.

Бірінші кезең. Бағдат халифатына қатысты, әл-Кинди, "Таза ағайындар" еңбектеріне байланысты қарастырылатын тарихи ~ мәдени кеңістік.

Екінші кезең. Халифаттан өзге мұсылман мемлекеттерінің пайда болуына байланысты ислам мәдениеті Аравиядан тыс аймақтар да гүлдене бастады, соның бір көрінісі - Орта Азия мен Қазақстан аумағында ерекше түрде дамыған фалсафа, оның өкілдері: әл-Фараби, Ибн Сина, Омар Хаям, Аттар, әл-Ғазали, т.б. Бұлар парсы түркі жұртының ойшылдары.

Үшінші кезең. Мұсылман испаниясындағы Еуропалық фалсафаның тарихи-мәдени кеңістігі, оның өкілдері: Ибн Бадж, Ибн Туфейл, Ибн Араби, Ибн Рушд.

Сонымен, фалсафа үш географиялық аймақта өніп-өсті. Сонымен бірге фалсафаны таза күйінде қабылдау да қиын. Себебі, онымен бірге мұсылман дүниетанымында мынандай

ағымдар, мектептер болған: мутазилиттер, қалам, суфизм, т.б. Бұларды бір-бірінен ажырату қиын, себебі, мутазилизм VIII-IX ғасырлардағы исламның бір бағыты деп қарастырушылық бар. Мутазилиттерационализм және білім жағында болып, халиф билігін зиялылық мәнде түсіндірген, олар әділеттілік Алладан болғанымен, Құран сөзін догмаға айналдыруға қарсы болған. Сондықтан мутазилизм қаламның бір бағыты деу де талас тудыратын пікір. Себебі, қалам ислам қағидаларын логикалық тәсілдермен түсіндіруге машықталған әрі діни беделге құрылған ілім. Қаламның қалыптасуында, Е.Бертельстің айтуынша, грек гностиктерінің әсері мол болған. Муттакалимдер негізінен мутазилиттерге қарсы болған мен, Ибн Халдунның пікірінше, муттакалимдердің кейінгі еңбектерінде қаламның мәселелері мен фалсафаның мәселеле, бір - бірімен араласып кеткені сондай, бұл ғылымдар мүлдем бірігіп кеткен. Фалсафа тарихын Ибн Халдуннан артық білу мүмкін іс емес, сондықтан беделге де ғылыми негіз ретінде сүйенген дұрыс болар. Осы себепті исламның негізін салушылар: әл-Ашари мен әл-Матурдилерді фалсафаның пайда болуының теориялық алғы шарттары деп қабылдау орынды.

1. *Ислам энциклопедиялық сөздігі*. - М., 1991. - 250.б.

2. *Игнатенко А.А. В поисках счастья*. - М., 1989.

3. *Рассел Б. История западной философии*. - Ростов-на Дону, 1998. - С.328-329.

4. *Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества*. - М., 1977. - С.601.

5. *Ақиқат журналы*. - №7, 1994, 42.б.

6. *Вундт В. Введение философии*. - М., 1999. - С. 139.

7. *Лосев А.Ф. Эстетика возрождения*. - М., 1978. - С. 214

8. *Вопросы философии*. №5, 1992.с.115.

В этой статье рассматриваются основные особенности арабо – мусульманской философии

In this article the basic features of the Arab –muslim philosophy are considered